

**«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2021»  
конкурсының университетішілік кезеңінің жеңімпаздарын анықтау  
жөніндегі конкурстық комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ  
12.11.2021 жыл**

**Төрайым:** И.А.Оралканова, PhD, Басқарма Мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор

**Хатшы:** Е.П. Евлампиева, б.ғ.к., ғылыми қызметті басқару бөлімінің басшысы

**Қатысқандар:**

1. Б. Ісбек, PhD, Басқарма мүшесі - әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор;
2. Ж.К. Молдабаева, б.ғ.к., тамақ өндірістерінің технологиясы және биотехнология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ғылым департаментінің директоры;
3. У.Б. Тлемисов, білім беру үдерісін ұйымдастыру департаментінің директоры;
4. Н.Ж. Есенгулова, в.ғ.к., Ғылыми кеңес хатшысы;
5. Б.К. Асенова, т.ғ.к., тамақ өндірістерінің технологиясы және биотехнология кафедрасының профессоры;
6. А.Н.Сабитова, PhD, химиялық технология және экология кафедрасының меңгерушісі.

**Сөз сөйледі:** комиссия төрайымы Оралканова И.А.

2021 жылдың 4-11 қараша аралығында Шәкәрім атындағы университеттің штаттық оқытушыларынан «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2021» байқауына қатысуға өтінімдер қабылданды. Ағымдағы жылы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті әзірлеген [universitycontest.iac.kz](http://universitycontest.iac.kz) платформасы арқылы онлайн режимде ұсынылады.

Конкурс ережесіне сәйкес ғылыми-педагогикалық өтілі 15 жылдан аспайтын оқытушылардың және өтілі 15 жылдан асатын оқытушылардың арақатынасы ұсынылатын үміткерлердің жалпы санының үштен бірінен кем болмауы тиіс. Конкурсқа 16 сауалнама ұсынылды, оның ішінде 15 жылдан кем жұмыс өтілі бар қызметкерлерден-3 және 15 жылдан астам жұмыс өтілі бар қызметкерлерден-13. Осылайша, қатысушылардың арақатынасы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді.

Құрамында: К..Ж. Амирханов (комиссия төрағасы), А.Н. Нургазезова., Н.С. Газизова, Ж.Х., Кажиева, Ж.С. Есимбеков, Ж.С. Қасымова, К.Е. Хасенова, З.Т. Семейская, А.М. Байкадамова, Г.Н. Нурымхан, А.Ж. Зейнуллина бар сарапшылар тобының жұмысынан кейін байқаудың аралық нәтижелері анықталды.

Қатысушылар сарапшылардың бағалауынан кейін 2 күн ішінде апелляцияға беруге құқылы болды. Апелляциялық комиссияның құрамына: Е.П. Евлампиева (комиссия төрайымы), Ж.Х. Какимова, С.М. Сейлгазина, Г.С. Турсунгожинова, С.К. Касымовтар кірді. Конкурсқа қатысушылардан апелляцияға өтініштер түскен жоқ.

Кестеде үміткерлердің конкурстың жоғары оқу орны ішіндегі кезеңінің нәтижелері бойынша қорытынды балдары келтірілген.

Кесте – «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2021» конкурсының университетішілік кезеңінің нәтижелері

15 жылдан астам еңбек өтілі бар қатысушылар

№	№ сауалнама (ID)	Қатысушының аты-жөні	Жүйедегі ұпай сомасы	Сарапшылар тексергеннен кейінгі ұпайлардың қорытынды сомасы
1	483	Какимов Айтбек Калиевич	92	92
2	333	Кливенко Алексей Николаевич	78	78
3	447	Актанова Айман Советовна	70	65
4	439	Атантаева Бахыт Жумагазыевна	68	64
5	390	Жолымбаев Оралтай Муратканович	64	62
6	289	Беленко Оксана Геннадьевна	61	61
7	277	Дюсекенева Индира Муратовна	58	54
8	608	Абылкасимова Жибек Ануарбековна	48	46
9	372	Кудеринова Назира Адамбековна	51	46
10	741	Койчубаев Александр Сергеевич	45	45
11	642	Мукаев Жандос Толеубекович	46	44
12	499	Оспанов Ербол Амангазыевич	42	42
13	424	Қожахметова Динара Ошановна	36	36
14	356	Абильмажинов Ермек Толегенович	73,27	27

Еңбек өтілі 15 жылдан кем қатысушылар

№	№ сауалнама (ID)	Қатысушының аты-жөні	Жүйедегі ұпай сомасы	Сарапшылар тексергеннен кейінгі ұпайлардың қорытынды сомасы
1	745	Касымов Аскар Багдатович	45,5	45,5
2	668	Тохтаров Жайык Хамитович	40,5	40,5

Конкурстық құжаттамаға сәйкес конкурстың республикалық кезеңіне 50 штаттық ПОҚ-қа 1 конкурсант есебінен қатысушылар жіберіледі. Конкурс жарияланған уақытта университетте ПОҚ штаттық саны 428 адамды құрады. Осылайша, ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ үшін 8 адамнан тұратын квота белгіледі.

Жиналған ұпайларға сәйкес «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2021» байқауының республикалық кезеңіне қатысу ұсынылады:

15 жылдан астам еңбек өтілі бар 6 қатысушы – Какимов Айтбек Калиевич, Кливенко Алексей Николаевич, Актанова Айман Советовна, Атантаева Бахыт Жумагазыевна, Жолымбаев Оралтай Муратканович, Беленко Оксана Геннадьевна;

Еңбек өтілі 15 жылдан кем 2 қатысушы – Қасымов Асқар Бағдатұлы, Тоқтаров Жайық Хамитович.

Көрсетілген тізімді бекітуді кім қолдайды?

**Қолдады: 7.**

**Қарсы: 0.**

**Қалыс қалды: 0.**

**Бірауыздан қабылданды.**

**Қаулы етті:**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің Ғылыми кеңесінде бекіту үшін конкурстың университетішілік кезеңі жеңімпаздарының тізімі «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2021» конкурсының республикалық кезеңіне қатысу үшін ұсынылсын.

Төраға



И.А. Оралканова

Хатшы

Е.П. Евлампиева